

**Зайсан ауданының әкімінің 2018 жылғы 26 қарашадағы "Зайсан ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" № 15 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № 14 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қарашада № 7814 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 23-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, Зайсан ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зайсан ауданының әкімінің 2018 жылғы 26 қарашадағы "Зайсан ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" № 15 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-11-172 тіркелген, 2018 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы №598, 603, 604, 605, 607, 613, 616, 617, 618, 622, 623, 625, 627, 628 сайлау учаскелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялануға жолдануын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы М.Каламовқа жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зайсан ауданының әкімі*

*С. Зайнулдин*

**Келісіді:**

*Зайсан аудандық аумақтық*

*С. Сиярбаев*

*сайлау комиссиясының төрағасы*

### **№ 598 сайлау учаскесі**

Орталығы: Көгедай ауылы, 4-Шартты көшесі,1, Зайсан ауданы әкімдігінің "Көгедай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон 29-700.

Шекаралары: Көгедай ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 603 сайлау учаскесі**

Орталығы: Біржан ауылы, Амангелді көшесі, 23, Зайсан ауданы әкімдігінің "Амангелді атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон 50-132

Шекаралары: Біржан ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шегінде.

### **№ 604 сайлау учаскесі**

Орталығы: Қуаныш ауылы, 6-Шартты көшесі, 2, Зайсан ауданы әкімдігінің "А.Орманбетов атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон 22-767.

Шекаралары: Қуаныш ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 605 сайлау учаскесі**

Орталығы: Ақарал ауылы, 2-Шартты көшесі,4 жеке үй, телефон 20-864.

Шекаралары: Ақарал ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 607 сайлау учаскесі**

Орталығы: Айнабұлақ ауылына қарасты Сартұмсық шаруа қонысы,1-Шартты көшесі, 4, жеке үй, телефон 8(72359)26-230.

Шекаралары: Талды, Сартұмсық қоныстары, Айбала, Мәдени, Таянбай, Жаңғызтал, Ақтам-1, Ақтам-2, Ащылы, Сарман, Өкей, Шолақбұлақ, Көкшоқай, Алшын, Ақтеріскей, Биесимас, Уақбұлақ шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде

### **№ 613 сайлау учаскесі**

Орталығы: Кеңсай ауылына қарасты Сарши шаруа қонысы,1-Шартты көшесі, 2, жеке үй, телефон 8(72359)27-010.

Шекаралары: Сарши қонысы, Айдахарлы, Сарқырама, Бүгіл, Аяққы Еділ, Ортаңғы Еділ, Басқы Еділ, Шиқалдай, Қизат, Басқы Қизат, Шұрық, Сейіт, Меруерт, Жанделі, Екі аша, Бұлқайыр, Қаракемер шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 616 сайлау учаскесі**

Орталығы: Дауал ауылы, 1-Шартты көшесі, 9/1, жеке үй, телефон 8(72359) 30-250.

Шекаралары: Дауал, Сәтбай ауылдары, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 617 сайлау учаскесі**

Орталығы: Мұқашы ауылы, 1-шартты көшесі, 1 жеке үй, телефон 50-949.

Шекаралары: Мұқашы ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары.

### **№ 618 сайлау учаскесі**

Орталығы: Қаратал ауылы, Әбдірәш Кебаев көшесі,80, Зайсан ауданы әкімдігінің " Қаратал орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон 24-790.

Шекаралары: Қаратал, Жіңішкесу ауылдары, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 622 сайлау учаскесі**

Орталығы: Жалши ауылы, Бұтабайұлы көшесі,57, Зайсан ауданы әкімдігінің " Шекаралы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон 51-494.

Шекаралары: Жалши ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 623 сайлау учаскесі**

Орталығы: Какен-Талды ауылы, Какен-Талды көшесі,10 жеке үй, телефон 51-602.

Шекаралары: Какен-Талды ауылы, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелерінің шекаралары шегінде.

### **№ 625 сайлау учаскесі**

Орталығы: Зайсан қаласы, Василий Кондюрин көшесі, 1, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы шекара басқармасы, телефон 27-768.

Шекаралары: Зайсан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы шекара басқармасының шекаралары шегінде.

### **№ 627 сайлау учаскесі**

Орталығы: Шілікті ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 23, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы шекара басқармасының "Шілікті" шекара бөлімі, телефон 27-866.

Шекаралары: Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы шекара басқармасының "Шілікті" шекара бөлімі шекаралары шегінде.

### **№ 628 сайлау учаскесі**

Орталығы: Қаратал ауылы, Кеңес Рамазанов көшесі, 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы шекара басқармасының "Қаратал" шекара бөлімі, телефон 27-741.

Шекаралары: Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы шекара басқармасының "Қаратал" шекара бөлімі шекаралары шегінде.